

**«Алмажан+» жеке балабақшасының Қамқоршылық кеңесінің №1
жалпы жиналысының ХАТТАМАСЫ**

Өткізілген күні «18» қыркүйек 2024 жыл

Өткізілген орны Балабақша ғимараты

Төрағасы: Казиева Айдана Нурмановна.

Хатшысы: Маренова Айым Нұрланқызы.

Қатысқандар: Қамқоршылық кеңес мүшелері 5 адам, балабақша меңгерушісі А.Н.Мухамбетжанова.

Күн тәртібінде:

1. Балабақшада қамқоршылық кеңесті ұйымдастыру;
2. Қамқоршылық кеңес туралы ережемен таныстыру;
3. Кеңес төрайымы, мүшелерін сайлау, міндеттерін бөлу.

Жүру барысы:

1. Күн тәртібінің бірінші мәселесі бойынша Балабақшада меңгерушісі А.Н. Мухамбетжанова сөз алып, Қамқоршылық кеңес дегеніміз қоғам мен балабақша арасындағы өзара қарым-қатынас жасау құралы, серіктестік негізінде жергілікті қоғамдастық пен балабақша арасындағы байланысты орнатуға мүмкіндік беретін ашық жүйе екенін атап өтті.

Қамқоршылық кеңес қоғамдық бастамаларда үнемі жұмыс жасап тұратын алқалық басқарудың бір түрі болып табылады. Қамқоршылық кеңестің негізгі мақсаты — балабақшаның мақсат-міндеттерін жүзеге асыруға жәрдемдесу, білім беру қызметінің сапасын арттыру, сондай-ақ балабақшаның материалдық базасын нығайту мақсатында қосымша қаражат және мүлік ресурстарын тарту.

Балабақша үшін қамқоршылық кеңесінің болуы көптеген артықшылықтар береді. Қамқоршылық кеңесін құру арқылы балабақша бюджеттен тыс қаржы іздеп қана қоймай, балабақша мүддесін түрлі деңгейлерде көтеріп, адамдарды тартады. Қамқоршылық кеңесінің жұмысы тегін жасалады. Оның жұмысы ҚР Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларына» сәйкес жүргізілетінін айтты.

2. Күн тәртібінің екінші мәселесі бойынша балабақша меңгерушісі «Қамқоршылық кеңес туралы ережемен» таныстырды. Қамқоршылық кеңес қоғам мен балабақша арасындағы өзара қарым-қатынас жасау құралы, серіктестік негізінде жергілікті қоғамдастық пен балабақша арасындағы байланысты орнатуға мүмкіндік беретін ашық жүйе және қоғамдық бастамаларда үнемі жұмыс жасап тұратын алқалық басқарудың бір түрі.

Негізгі мақсаты балабақша мақсат-міндеттерін жүзеге асыруға жәрдемдесу, білім беру қызметінің сапасын арттыру болып табылатынын айта келіп, ондағы жалпы ереже, Қамқоршылық кеңес құрамы, Қамқоршылық кеңесінің міндеттері, Қамқоршылық кеңесінің құқықтары мен міндеттері, іс қағаздары, қағидалары және жұмысын тоқтату сияқты сегіз бөліміне жеке-жеке тоқталып баяндады.

Кенес төрағасы: Казиева Айдана Нурмановна – Жаңа өмір ауылының казпоштаһың есетпшісі, «Құлыншак» ортаңғы тобының ата-анасы;

Кеңес мүшелері:

- Сайланған құрам мүшелері қамқоршылық жұмыстарының жүруіне атсалыссын деп шешілді.

1. Қамқоршылық кеңес жұмысы жүйелі жүргізілсін.
2. Қамқоршылық кеңес туралы ереже басшылыққа алынып, жұмыстар жүргізілсін.

Жиналыс хатшысы

Марченко А.Н.

